

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 4 (96)

4 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендиорович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Mukhtar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Kozybayev M.K. Problemy metodologii, istoriografii i istochnikovedeniya istorii Kazakhstana [Problems of methodology, historiography and source study of the history of Kazakhstan]. Alma-Ata, 2006. 272 s. [In Russian].

Kozybayev M.K., Abylkhozhin Zh.B., Aldazhumanov K.S. Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krest'yanstva [Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry]. Alma-Ata, 1992. 35 s. [In Russian].

Kozybayeva M.M. Vliyaniye goloda 1921-1922 godov na povsednevnyuyu zhizn' gorodskogo naseleniya Severnogo Kazakhstana. [The impact of the famine of 1921-1922 on the daily life of the urban population of Northern Kazakhstan.] // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Istoriya. Filosofiya. Karagandy, 2014. № 3(75). S. 162-167.

Koygeldiyev M.K. Stalinizm i repressii v Kazakhstane 1920–1940 gg. [Stalinism and repression in Kazakhstan 1920–1940]. Almaty: Iskander, 2009. 448 s. [In Russian].

Kustanay–Kostanay. Ocherki istorii. S drevneyshikh vremen do 1936 goda. [Essays on history. From ancient times until 1936]. Kostanay: Kostanaypoligrafiya, 2012. 608 s.

Krasnaya step' [Red steppe]. Kustanay, 1920. № 4. [In Russian].

Krasnaya step' [Red steppe]. Kustanay, 1923. № 66. [In Russian].

Makarova T. Petropavlovsk: stranitsy istorii. [Petropavlovsk: pages of history.] Petropavlovsk, 2008. 372 s.

Masanov N.E. i dr. Istoriya Kazakhstana: narody i kul'tury. [History of Kazakhstan: peoples and cultures]. Ucheb. Posobiye. Almaty: Dayk-Press, 2000. 608 s.

Mir truda [The world of work]. 1922. 12 sentyabrya. S.3

Nurbayev K.ZH. Istoriya goroda Pavlodara (1917–1940 gg.) [History of the city of Pavlodar (1917–1940)]: avtoref. dis.... kand. istor. nauk. Almaty, 1998. 26 s.

Olkott M.B. Protsess kollektivizatsii v Kazakhstane [The process of collectivization in Kazakhstan]. // «Russkoye revyu». 1981. № 40, aprel'. [In Russian].

Omarbekov T. 20-30 zhyldardaǵy Kazakstan qasireti. [The tragedy of Kazakhstan in 20-30 years]. Almaty: Sanat, 1997. 320 b. [In Kazakh].

Sarkenova K.A. 1920-1930 zhyldardaǵy Kazakstan khalqy. [The population of Kazakhstan in 1920-1930]. Almaty: Qazaq universiteti, 2011. 220 b. [In Kazakh].

North Kazakhstan State Archive (NKSA). F. 930. In. 1. C.6.

NKSA. F. 41. In.1. C.10.

NKSA. F. 1616. In.1. C.3.

Step' [Steppe]. Kustanay, 1921. № 5. [In Russian].

State Archive of Kostanay region (SAKR). F. 13. In. 2. C. 31. [In Russian].

FTAMP 03.20_05.31.15

DOI 10.51943/1814-6961_2021_4_157

ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.)

Хайдаров Есқайрат Ербулатович^{1*}

¹Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Қазақстан, Орал қ.

*Автор-корреспондент

E-mail: esaka_78@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада 1921-1922 жылдардағы Орал губерниясындағы ашаршылықтың себеп-салдары, ауқымы және онымен күресу жолдары зерттеледі. Ашаршылықтың басты себептері ретінде азамат соғысының ауыртпалықтары, ауылшаруашылығын жайлаған қуаңшылықтың зардаптары және бандалық топтардың шапқыншылықтары айқындалды. Зерттеу жұмысы барысында нәубет қарсаңындағы губерниядағы әлеуметтік-экономикалық жағдай жан-жақты қарастырылып, аймақтағы егістік көлемінің азаюы, мал басының кемуі, халықтың әлеуметтік әл-ауқатының нашарлауы жөнінде деректер келтірілді. Губерниядағы ашыққандардың саны уездер бойынша нақты көрсетілді. Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архивінің қорында сақталған құжаттар негізінде ашаршылық жылдары аймақтағы халыққа көрсетілген көмек пен аштықтың салдарын жоюға бағытталған іс-шаралар жөніндегі деректерге талдау жасалды. Орал губерниялық ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының, жергілікті өкімет органдарының және қоғамдық топтардың аштықпен күрес жұмыстары, халықаралық ұйымдардың гуманитарлық қызметтері, Ресейдің ішкі аймақтарынан, Украина және Қырымнан келген көмектер туралы тың мәліметтер келтірілді. Орал өңіріндегі ашаршылық салдарына қатысты қорытындылар жасалынып, мәселе жаңаша тұрғыдан зерделенді.

Кілт сөздер. Губерния, уезд, ашаршылық, жұт, нәубет, Губкомголод, көмек, асханалар, АРА, халық саны

ГОЛОД В УРАЛЬСКОЙ ГУБЕРНИИ (1921-1922 гг.)

Хайдаров Ескайрат Ербулатович^{1*}

¹Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир-хана, Казахстан, г. Уральск

*Автор-корреспондент
E-mail: esaka_78@mail.ru

Аннотация. В статье исследуются причины, масштабы и способы борьбы с голодом в Уральской губернии в 1921-1922 гг. Основными причинами голода явились трудности гражданской войны, последствия засухи для сельского хозяйства и нашествия банд. В исследовании содержится комплексный обзор социально-экономической ситуации в провинции накануне государственного переворота, данные о сокращении пашни в регионе, падении поголовья скота, ухудшении социального благосостояния населения. Количество голодающих в провинции уточняется по уездам. На основе документов, хранящихся в государственном архиве Западно-Казахстанской области, был проведен анализ данных о помощи, оказанной населению губернии в годы голодомора, и мерах, направленных на ликвидацию последствий голода. Выявлены новые данные о работе Уральской губернской комиссии по борьбе с голодом, местных властей и общественных групп по борьбе с голодом, гуманитарной деятельности международных организаций, помощи из внутренних районов России, Украины и Крыма. Сделаны выводы о последствиях голода в Уральском регионе и вопрос изучен в новом свете.

Ключевые слова: Губерния, уезд, голод, джут, голодомор, Губкомголод, помощь, столовая, АРА, численность населения.

IRSTI 03.20_05.31.15

THE HUNGER IN THE URAL PROVINCE (1921-1922)

Khaidarov Eskairat Erbulatovich^{1*}

¹Zhangir-khan West Kazakhstan Agrarian Technical University, Kazakhstan, Uralsk

*Corresponding author
E-mail: esaka_78@mail.ru

Abstract. The article examines the reasons, scope and methods of combating hunger in the Ural province in 1921-1922. The main causes of the famine were the difficulties of the civil war, the consequences of the drought on agriculture and the invasion of gangs. The study provides a comprehensive overview of the socio-economic situation in the province on the eve of the coup d'état, data on the reduction of arable land in the region, extinction of livestock and the deterioration in the social welfare of the population. The number of hungry people in the province is specified by county. On the basis of documents stored in the state archive of the West Kazakhstan region, an analysis of data on the assistance provided to the population of the province during the famishment years and measures aimed at eliminating the consequences of the famine was carried out. New data on the work of the Ural provincial commission on the fight against starvation local authorities and public groups on the fight against famine, humanitarian activities of international organizations, assistance from the interior regions of Russia, Ukraine and Crimea were revealed. Conclusions are made about the consequences of the famine in the Ural region and the issue is studied in a new light.

Key words: Gubernia, county, hunger, jute, famine, Gubkomgolod, help, canteen, ARA, population.

Кіріспе. XX ғасырдың бірінші ширегі Қазақстан тарихында саяси оқиғаларға толы аласапыран кезең болды. І дүнижүзілік соғыстың ауыртпалығы, 1916 жылғы көтерілістің шығындары, 1917 жылғы қос революция мен азамат соғысының зардаптары қазақ халқының тағдырында, оның тарихында өшпес ізін қалдырды. Азаматтық қарсыласу жылдары большевиктердің тарапынан елде жүргізілген қатаң әскери коммунизм саясаты, бірыңғай Кеңестік биліктің күшпен орнатылуы және бастапқы кезеңдегі әлеуметтік реформалар да қазақ жері үшін оңай болмады.

Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр

еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында осы кезеңдегі ашаршылық мәселесіне қатысты тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерттеудің қажеттілігін айтқан болатын. Бұл тұрғыдан қарағанда 1921-1922 жылдардағы Орал губерниясындағы ашаршылық мәселесі кешенді түрде, тың деректер арқылы зерттеуді қажет ететін өзекті тақырып болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми-ізденіс жұмыстарының нәтижесінде Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар кеңінен пайдаланылды. Архив құжаттары негізінде Орал губерниясындағы ашыққандардың саны уездер бойынша айқындалып, аштықпен күрес жұмыстары жан-жақты қарастырылды. Зерттеудің әдістемелік негізі ретінде жүйелік ұстанымы, сол сияқты тарихилық және шыншылдық принциптері алынды. Жұмыста сонымен бірге жалпы ғылыми әдістер: сараптау, синтез, салыстыру, жинақтау; арнайы-тарихи: проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихи әдістері қолданылды.

Талқылау. Зерттеу барысында 1920 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне және 1921-1922 жылдардағы ашаршылық тақырыбына арналған ғылыми әдебиеттерге талдау жасалынды. Зерттеушілер А.И. Хрящева, Н.Д. Кондратьев және П.И. Поповтың еңбектері мен мақалаларында бірінші дүниежүзілік соғыс және азаматтық соғыс жылдарындағы, экономиканы қалпына келтірудің бастапқы кезіндегі ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуы, әлеуметтік жағдайлар жан-жақты қарастырылған. Авторлар 1921 жылғы қуаңшылықты ашаршылықтың негізгі себебі ретінде қарастырмай, әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы өзгерістерді талдауға тырысқан.

XX ғасырдың 50-60 жылдарында Э. Генкин, Ю.А. Поляков, С.А. Нейштадт сияқты зерттеушілер өз еңбектерінде халық шаруашылығындағы және экономикадағы социалистік қайта құруларға талдау жасаған. Осыған ұқсас еңбектер Қазақстанда Г.Ф. Дахшлейгер, К.Н. Нұрпейісов, С.Б. Байшев, Г.Ч. Чуланов тарапынан жазылды, оларда сол кездегі идеологияға сәйкес Кеңес өкіметінің аштыққа қарсы күресі ауылшаруашылығындағы артта қалушылық ретінде қарастырылған. Аталған авторлардың ішінде С.А. Нейштадттың және С.Б. Байшевтің еңбектерін ерекше атап өтуге болады, онда зерттеушілер ашаршылықтың ауқымы мен аштыққа ұшыраған халықтың санын анықтап көрсеткен.

Тәуелсіздік жылдарында ғалымдардың XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды, оның ішінде ашаршылық мәселесін кеңінен зерттеулеріне жол ашылып, ауқымды ғылыми еңбектер жарық көрді. Бұл тұрғыда М. Қозыбаевтың, Т. Омарбековтың, М. Тәтімовтың, М. Асылбековтың, Х. Әбжановтың, Қ. Алдажұмановтың, Б. Аяғанның, Ж. Әбілқожиннің, М. Сдықовтың және т.б. зерттеу еңбектерін атап көрсетуге болады.

Нәтижелері. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Кеңестер елін тағы бір ауыр сынақ күтіп тұрды. 1921-1922 жылдардағы ұзаққа созылған қарсыз қыс жауынсыз жазға ұласты. Қыста қардың, көктем мен жазда жауынның болмауы қатты құрғақшылықты, оның салдары ашаршылық нәубетін әкелді. 1921 жылдың жазында ол елдің көптеген өңірлерін, әсіресе Еділ бойы аудандарын жайлады. 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша 20 млн. астам адам аштыққа ұшырады. Қазақстанның көпшілік аудандары етек жайған ашаршылық құрсауында қалды. Орал, Орынбор, Қостанай, Бөкей, Ақтөбе губернияларында егілген астық қатты құрғақшылықтан шықпай қалды, шыққандары жазғы ыстықта қурап қалды. Мал өсірумен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы жайылымдар мен шабындықтар толықтай күйіп кетті. Оның үстіне 1920-1921 жылдардағы ұзаққа созылған қатал қыс қазақ өлкесінде малдың да жаппай қырылуына әкеп соқты. Ашаршылық құрбандарының, аштан өлгендердің саны күн сайын көбейе берді (Алдажұманов және т.б., 2010: 184-185).

Ашаршылықтың себеп-салдары және зардаптары жөнінде тарихшы Талас Омарбеков өзінің «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері» атты еңбегінде: «Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ, қазақ халқының көзі ашылмады. Адам шығыны да, мал шығыны да аз болған жоқ. Қазақ шаруасын сарыдала төсінде бірде ақтар келіп шауып кетсе, бірде қызылдар келіп қырғидай тиді. Көп кешікпей-ақ 1921-1922 жылдардың алапат ашаршылығы басталды. Көп қазақ «қызыл» мен «ақтың» қайсысын қолдау керектігін түсіне алмай, осы аштықта опат болды. Мысалы, құрамында Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Бөкей, Торғай губерниялары кірген Батыс Қазақстанда халық 1917-1923 жылдар аралығында 981314 адамға кеміп кетті. Осы губерниялардағы село-ауыл халқы 1917 жылмен салыстырғанда 1920 жылы 9,7%-ке азайса, ал 1923 жылы алғашқысымен салыстырғанда 38%-ке азайды. Әсіресе, ғаламат қырғын 1921-1922 жылдардағы ашаршылықта болды, тек 1920-1923 жылдар арасында аталған өңірде село халқының саны 31,4%-ке азайды. Қазақстанның басқа аумақтары да осылай сорлады.

Қазақтардың негізгі тіршілігі мал шаруашылығы да жетіскен жоқ. Аталған Батыс Қазақстан губерниясында алғашқы үш жылдықта, яғни Азамат соғысының кезінде малдың құрамы 59,2%, яғни

екі еседен астамға азайып кетті. Ал келесі 1921-1922 жылдарда ашаршылық болған үшжылдықта бұл кему тағы да 47,3%, ал жалпы тұтас алғанда 78,5% болды. Батыс Қазақстан губернияларындағы осы қырғыннан аман қалған мал 1923 жылы бұрынғы 1917 жылдағы жалпы мал санының 5/1-нен сәл ғана асып түсті. Міне, қазақ даласында социалистік құрылыс осылай басталды. Сөйтіп, ол қазақ халқының өлігінің және олардың күйзелген қожалықтарының үстіне тұрғызылды» - деп нақты деректермен көрсеткен (Омарбеков, 2003: 5-6).

1920 жылы 12 қазанда Кеңестердің I құрылтай съезінің шешімімен Орал облысы губерния болып құрылды. Оның құрамына Гурьев, Елек, Калмыков, Жымпиты, Ойыл, Орал уездері кірді. 1921 жылы 19 қарашада Ойыл уезі Ақтөбе губерниясына қосылды. Нәубет қарсаңында Орал губерниясының егістік көлемі 1920 жылы 1917 жылмен салыстырғанда 410,5 мың десятинадан 165,9 мың десятинаға дейін қысқарды. 1921 жылы егістік жерінің 80%-ын құрғақшылық жайлады. Егін өнімінің орташа көрсеткіші 1,9 пұт болса, тұрғындардың жан басына шаққанда 0,9 пұттан келді. 1920 жылғы статикалық есеп бойынша губернияның жалпы мал басының саны 3,3 млн. – 0,3 млн. дейін азайған (БҚОМА, 268: 33-38).

Азамат соғысы жылдарындағы Кеңестік биліктің жүргізген әскери коммунизм саясатының салдарынан шаруа халықтың алдындағы бар мал-мүлкінен, азық-түлігінен айырылуына алып келді. Астыққа мемлекеттік монополия мен салғырт ісі Қазақстанда 1920 жылдан бастап кең көлемде жүзеге асырылды. Осы жылдың басында салғырт (ет салымы) әдісі мал шаруашылығында да кеңінен қолданыла бастады. Мәселен, 1921 жылы Батыс Қазақстанның Орал және Бөкей губернияларында салғыртқа қатысты азық-түлік дайындау органдарының шаруалардың қолындағы малын тартып алуы 120 және 112%-ды құрады. Астық шығып жарытпаған Орал губерниясында 1920 жылы салғырт бойынша 1,5 млн пұт астық тартып алынды, соның салдарынан мұнда азық-түлік тұтыну тапшылығы 2-2,5 млн пұтқа жетті (Алдажұманов және т.б., 2010: 176-177).

1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың бір себебі ретінде ауылдық-селолық жерлерге бандалық топтардың шабуылдарын да қарастырамыз. Орал губерниясына қарасты ауылдар мен селоларды бандалық топтардың тонап, адамдарын қырғынға ұшыратулары халықтың титығына жетіп, елдің шырқын бұзды. Батыс Қазақстан аумағындағы көтерілістер жөнінде мынадай деректер бар. Мәселен, 1921 жылдың сәуір айының басында Гурьевте көтеріліс болды, оған жергілікті милиция мен гарнизон сарбаздарының бір бөлігі қатысты. Бірнеше ауылда коммунистер мен кеңес белсенділері тұтқындалды. Көтеріліс тез басылды, бірақ дереу бұл аймақта Сафоновтың жетекшілігімен қозғалыс басталды, ол 500 қарулы адамнан тұратын мобильді отряд жинады. Басқа көтерілісшілер отрядтары да пайда болып, олар Еділ мен Жайық бойындағы ауылдарға, теміржол вокзалдарына, пойыздар мен пароходтарға, астық вагондары мен түсіру пункттеріне шабуыл жасады. 1921 жылы 1 маусымда көтерілісшілер Бударино ауылын күшпен алды, ал бірнеше күннен кейін Шипово, Лбищенск және Жымпиты елдімекендері бағындырылды. Омбыдан, Тамбовтан және Түркістаннан әскери күштердің келуі, оның ішінде авиацияның болуы билікке Жымпитыны қайтарып алуға және тамыз айының соңына дейін көтерілісшілердің қарсылығын басуға мүмкіндік берді.

Қыркүйек айында шашыраңқы отрядтар Сапожковтың серіктерінің бірі В. Серовтың айналасына біріге бастады. 21 қарашада серовшылар Калмыков уезінің орталығына шабуыл жасауға тырысты, бірақ жеңіліске ұшырап, Гурьевке қарай бет алды, бұл жақтағы шайқастар 17 желтоқсанда басталып, үш күнге созылды. Жеңіске жете алмаған көтерілісшілер қайтадан шегінуге мәжбүр болды. Гребенчиков ауылының маңында Қызыл Армия көтерілісшілерге ауыр соққы береді, содан кейін Серов қазақ даласының шалғай жерлеріне кетуге шешім қабылдады. 1922 жылы 16 қаңтарда аш, үсік шалған және науқас көтерілісшілер Ойылға жақындады. Қиын шайқастан кейін серовшылар қыстайтын жер ретінде таңдалған ауылды басып алуға қол жеткізді.

Ақпан айының соңында Серов 1 мың атты әскер мен 300 жаяу әскерден құралған өз отрядтарын ретке келтіріп, Елекке шабуылды бастады. Оларға қарсы Орынбор әскери училищелерінің курсанттарының құрама отряды шықты. 9 наурызда Красноярск ауылы маңында сұрапыл шайқас болып, серовшылардың шегінуімен аяқталды. Көтеріліс аймағына Еділ жағалауы әскери округінің үлкен күштері мен ВЧК - ОПТУ құрылымдары жіберілді. 3 сәуірде барлық жағынан қоршалған көтерілісшілер Деркуль-Шипово бөлігіндегі теміржолды кесіп өтпекші болды, бірақ оларға тұтқиылдан соққы жасалды. Түгелге дерлік отряд өлім құшты, көпшілігі тұтқынға алынды, тек оншақтысы ғана қоршауды бұзып өте алды. Серов әскерінің қалған бөлігі жаз бойы аймақтағы көтерілісті қайта өршітуге тырысты, бірақ бұл әрекеттері сәтсіз болды. 1922 жылы 19 тамызда әрі қарай қарсыласудың нәтиже бермейтіндігін түсінген Серов пен көтерілісшілердің Реввоенсоветінің төрағасы Долматов кеңес өкіметіне берілді.

Көтерілісшілердің 1920-21 жылдардағы жеңілісінің негізгі себебі олардың әрекеттерінде келісімнің болмауы еді. Көтерілістер өздігінен басталды, жеке отрядтар арасында байланыс болған жоқ. Шаруалар мен қазақ әскери құрамалары бір-біріне дұшпандықпен қарады, қазақ халқы көпшілік жағдайда көтерілісшілерді қолдамады. Себебі бандалық топтар қазақ ауылдарына шабуыл жасап, олардың мал-мүлкін, азық-түліктерін тонап отырды. Сонымен қатар, көтерілісшілер

қозғалысының басылуына Кеңес үкіметінің азық-түлік салғыртынан бас тартуы және 1921 жылы жаңа экономикалық саясатқа көшуі ықпал етті (<https://elimai.kz/cituaciya-v-kazaxstane-v-1920-1921-gg.html>).

Сонымен, 1921-1922 жылдардағы бүкіл Қазақстанды, оның ішінде Орал губерниясын жайлаған ашаршылықтың басты себебі азамат соғысының зардаптарынан, әскери коммунизм саясатының ауыртпалығынан туындады, - деп есептейміз. Екіншіден, табиғи факторды да жоққа шығара алмаймыз, бұл жағдай да халықтың жаппай ашаршылыққа ұшырауына әкеліп соқтырды. Сонымен бірге Кеңес өкіметіне бағынбаған бандылық топтардың елді мекендерге жиі шабуылдап, шаруалардың малдарын, азық-түліктерін тартып алулары да халықтың жағдайын қиындата түсті.

1921 жылғы тамыздан бастап Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Орал және Қостанай губерниялары аштықтан зардап шеккен аймақтардың тізіміне ресми түрде енгізілді. 1921 жылдың күзіне қарай Қазақ АКСР-інің жеті губерниясының бесеуі: Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Орал және Қостанай губерниялары (Түркістан АКСР-і құрамындағы Сырдария және Жетісу губернияларын қоспағанда) және Адай уезінің тұрғындары аштыққа ұрынды. Ашаршылық 1 558 927 тұрғыны бар 1 048 100 шаршы метр аумақты қамтыды. Статистика басқармасының деректері бойынша 1921 жылдың қарашасына қарай Орал губерниясында 384 900 адам, ал әртүрлі көздерден алынған деректер бойынша 400 000 адам ашаршылыққа душар болған. Ал Қазақстанда барлығы ресми деректер бойынша 1 508 900 адам, бейресми деректерде 1 558 927 адамның ашаршылыққа ұшырағаны көрсетілген (Омарбеков және т.б., 2016: 217).

Губернияда қалыптасқан жайдайға байланысты Орал атқару комитеті орталыққа аймақтағы күрделі мәселені баяндау үшін делегация жібереді. Қырғыз (Қазақ) ОАК-і жанындағы ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі орталық комиссияның төрағасы Сейтқали Меңдешев қол қойған Қырғыз (Қазақ) Орталық Атқару Комитетінің 1921 жылғы 16 маусымдағы ережесі негізінде құрамында губерниялық атқару комитетінің төрағасы және 5 мүшесі бар Орал губерниялық ашыққандарға көмек көрсету комиссиясы құрылды. Губкомголод 8 тамыздан өз қызметін бастады. Ал 1921 жылдың 9 тамызындағы губерниялық атқару комитеті Төралқасының № 90 шешімімен Губерниялық комиссияның құрылымы және штаты бекітілді. Оның құрамында есепші, көмекші, ісқағаздарын жүргізуші, хаттанушы және ақпараттандырушы болды.

Сонымен бірге біруақытта жергілікті жерлерде уездік ашыққандарға көмек комиссиялары құрылды. Ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі губерниялық комиссияның бірінші жарлығы аймақ тұрғындарын аштықпен күреске белсенді түрде қатынасуға шақырумен басталды. Комиссия хабарламалар мен листовкалар басып шығарды. Губерниялық комиссия аштыққа ұшыраған адамдардың нақты есебін алумен шұғылданды және еңбеккерлердің көпшілігін аштықпен күреске кеңінен тартумен, балалардың тұрмыс-тіршілігін жақсартумен айналысты. Сонымен қатар губерниялық комиссия мемлекеттік көмек алатын жұмысшыларды пайдалана отырып қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырды, ашыққандарға да жұмыс тауып беруге және аштық жайлаған аудандардан жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз етуге жағдай жасады.

Губерниялық комиссияның 1921 жылғы 11 қазандағы қаулысына сәйкес көмекші бөлімдер құрылды, олар жоспарлау, қаржы, бақылау және үгіт-насихат бөлімдері. Губерниялық комиссия аптасына екі рет отырысын өткізетін болған. Уездік комиссиялар және аталған бөлімдер өздерінің атқарылған жұмыстарының есебін беріп отырған (БҚОМА, 12: 80).

Осы губерниялық комиссияның архивте жинақталған құжаттарына жүгінер болсақ, 1920 жылғы халық санағы бойынша Орал губерниясында барлығы 524 824 тұрғылықты халық болса, оның ішінде Орал уезінде 124 037 адам, Елек уезінде 128 623 адам, Калмыков уезінде 59 216 адам, Жымпиты уезінде 92 948 адам, Гурьев уезінде 120 000 адам мекен еткен. 1921 жылдың күзіндегі дерек бойынша алғашқы кезеңде өңірдегі ашыққандардың саны төмендегі №1 кестеде көрсетілген.

№1 кесте Өңірдегі ашыққандардың саны (БҚОМА, 27: 47).

| Уездер | Тұрғ. саны | Аштар саны | Пайыздық көрсеткіш | Ересектер | Балалар |
|---------------|------------|------------|--------------------|-----------|---------|
| Орал уезі | 124 037 | 38 000 | 30% | 20 000 | 18 000 |
| Елек уезі | 128 623 | 90 000 | 70% | 46 500 | 43 500 |
| Калмыков уезі | 59 216 | 42 000 | 70% | 24 000 | 18 000 |
| Жымпиты уезі | 92 948 | 33 000 | 35,5% | 19 000 | 14 000 |
| Гурьев уезі | 120 000 | 24 000 | 20% | 14 000 | 10 000 |
| Барлығы | 524 824 | 227 000 | 43,2% | 123 500 | 103 500 |

Сөйтіп, Орал губерниясы бойынша 1921 жылдың күз айларына қарай барлық ашыққандардың саны 227 000 адам болса, оның ішінде 123 500-і ересектерді, 103 500-і балаларды құрады (БҚОМА,

14: 8). Орал қаласындағы 12 037 ашыққан адамды қоссақ, барлығы 239 037 адамға жетеді (БҚОМА, 27: 47). Сонда 1921 жылдың күз айларында Орал губерниясы халқының 45,5%-ы, яғни тең жартысына жуығы аштықтың шырмауына тап болған. Сол кезеңдегі жауапты органдардың хаттарында ашыққандар санының күнсайын өсіп жатқандығы айтылған. Бұл деректер Орал губерниясы аумағындағы ашаршылықтың ауқымының үлкен болғандығын, әлеуметтік-демографиялық ахуалдың күрт нашарлағандығын байқатады.

Орал губерниясындағы жаппай ашаршылықтың салдарынан адам шығыны орын алғандығын және халықтың өздерінің мекен-жайларынан үдере көшкендігін архив құжаттары дәлелдей түседі. Аштық жайлаған 1921 жылдың өзінде селолық жерлердегі халықтың санының кемігендігі туралы мәлімет төмендегі №2 кестеде берілген.

№2 кесте 1921 жылдағы селолық жерлердегі халықтың саны (БҚОМА, 27: 47).

| Уездер | 1920 жылғы село халқының саны | Тұрғындар санының азаюы | | | |
|---------------|-------------------------------|-------------------------|-----------------|---------|---|
| | | Аштықтан өлгендер | Көшіп кеткендер | Барлығы | 1921 ж. кемігендегі пайыздық көрсеткіші |
| Орал уезі | 93219 | 19085 | 1989 | 21074 | 23% |
| Елек уезі | 106141 | 17544 | 8891 | 26435 | 25% |
| Жымпиты уезі | 91404 | 7699 | 4634 | 12333 | 13,4% |
| Калмыков уезі | 55192 | 2961 | 5067 | 8028 | 14,5% |

Сөйтіп, губернияға қарасты 4 уезде (345 956 адам) барлығы 47 289 адам аштықтан өлген болса, 20 581 адам көшіп кеткен, жалпы адам шығыны 67 870-ті құрайды, халықтың саны 19,6%-ға кеміген (БҚОМА, 34: 88). Бұл жерде 4 уезд тұрғындарының саны тек қана ауылдық жерлердегі халықтың есебінен бөлек берілгенін ескеруіміз керек. Сонымен бірге көшіп кеткендердің көпшілігін аштықтан босып кеткендер ретінде қарастыруымызға болады. Гурьев уезінің мәліметтері толық болмағандықтан бұл ресми ақпаратқа кірмей қалған. Жоғарыда келтірілген мәліметтер аштықтың губернияның барлық өңірін жайлағанын, нәубеттің зардабын тартпаған жанұяның қалмағанын көрсетеді.

Аштықпен күресте Губкомголодпен бірге губерниялық партия ұйымдары қоянқолтық жұмыс жасады. Олар өз тарапынан қолдау көрсету бағытында Орал губерниясына астықты тездетіп жөнелту үшін бірнеше партия қызметкерлерін Украинаға және Курск губернияларына жіберіп отырды. Аштықтың салдарын жою жұмыстарының барлық жүгі губерниялық халыққа білім беру, денсаулық сақтау, қаржы және статистикалық бөлімдеріне түсті. Бұл бөлімдер өздерінің жиналыстарында қызметкерлерінің жалақыларынан мөлшерлі бөлігін ашыққандар қорына аудару жөнінде шешім қабылдаған. Ашыққан ауылдар мен болыстарға алғашқы көмекті ұйымдастыру үшін уездік атқару комитеті мүшелерінің барлығы дерлік елді мекендерге жіберілді. Сөйтіп, партия және атқарушы билік органдарының жұмыс күші өңірдегі ашаршылық зардаптарын жоюға жұмылдырылды. Сонымен қатар губерниялық комиссия уездер мен болыстарда шаруалардың өзара көмек көрсету комитеттерін де ұйымдастырды.

Губерниялық комиссия ашыққандарға «Көмек апталығы» шарасын өткізеді. Бұл мақсатқа губерниялық атқару комитетінің төрағасы, губерниялық комиссия хатшысы және губерниялық кәсіптік Кеңесінің хатшысы секілді жауапты тұлғалардан тұратын «үштік» құрылды. Бұл топтың мақсаты аштыққа ұшыраған тұрғындардың санын нақтылау, аштықтан көше кезіп кеткен балаларды жетімдер үйлеріне орналастыру, олар үшін үлкен ғимараттардан, тіпті, клубтарда балалар үйін жасақтау, санитарлық отрядтар ұйымдастыру, аш-жалаңаштарды тамақпен, киім-көншекпен қамтамасыз ету болды. Ашыққандарды ауқаттандыру мақсатында Орал қаласында 7000 адамға қызмет көрсете алатын 5 асхана, Орал уезіне қарасты Круглоозерное ауылында 500 адамға арналған 1 асхана ашылды. Жымпиты уезінде 360 адамды қабылдай алатын 4 асхана, 1-і Жымпитының өзінде, 3-і болыстарда ашылды. Елек уезінде 3560 адамға арналған барлығы 23 асхана, оның 2-і Елек қаласында, 21-і болыстарда ашылды. Калмыков уезінің орталығында 200 адамға арналған 1 асхана жұмыс жасады. Бұл ашылған асханалардың ішінде тек қана балаларға арнайы жабдықталғандары немесе аралас түрлері де болды.

Губкомголодтың есебі бойынша 1921 жылдың аяғына дейін ашыққандардың азық-түлік қорына мемлекеттік көмектен 8 вагон бидай, 1 вагон қарақұмық жармасы келіп түскен. Заттай салық негізінде халықтан 23 119 пұт 25 фунт ет, 516 пұт май, 4 861 пұт 12 фунт көкөніс, 849 дана жұмыртқа, 224 дана тері, 243 пұт 26 фунт жүн, 60 пұт шөп жиналған. Қайырымдылық шарасы аясында да халықтан ашыққандардың қорына азық-түлік түрінде көмектер келіп түскен. Ақшалай жиналған қаражат мөлшері смета есебінен берілгені 155 000 000 сомды, қайырымдылық пен

жекелей аударымдардан түскені 16 703 321 сомды, қайырымдылық кештерінен жиналғаны 14 408 229 сомды, аукциондар мен басқа да сауда-саттықтан алынғаны 14 324 844 сомды құрады. Жоғарыда көрсетілген қаражаттың барлығы аштыққа ұшыраған адамдардың мұқтаждықтарына түгелдей жұмсалынған.

«Ашыққандарға көмек апталығы» шарасының қорытындысы уездер бойынша анықталмағандығы, тек қана Жымпиты уезінің өзінде қайырымдылықтан ақшалай 12 902 072 сом қаражат жиналғандығы, тұрғындардың 52 қой, 1 ешкі, 1 қашар әкеліп тапсырғандығы айтылған. Сөйтіп, Губкомголод мүшелері өз жиналыстарында әрі қарайғы жұмыс жоспарларын құрып, тамақтандыру желісін кеңейтуге, балалардың тұрмыстық жағдайларын жақсартуға, қолда бар құралдарын сақтауға, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға, көпшілікті аштықпен күреске кеңінен тартуға шешім қабылдаған (БҚОМА, 12: 80-82).

1921 жылы қазанда Орал қаласына ашыққандарға көмек беру мақсатында Украина мен Қырымнан 2-і дәрігерлік-тамақтандыру отряды келген. Бұл топ өз қызметін жүзеге асыру барысында Орал қаласында 2 асхана, Орал уезінде 2 асхана, Елек уезінде 4 асхана ашқан. 1922 жылы сәуір айында Харьковтың Губкомголод ұйымынан тағы бір дәрігерлік-тамақтандыру отряды келіп, олар ашыққан 1000 адамды және балалар үйіндегі 150 баланы тамақпен қамтып отырған (БҚОМА, 27: 34).

Аштықтың кесірінен қаңғып қалған балаларға ерекше назар аударылды. Ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі Орал губерниялық комиссиясының жанынан балалардың тұрмысы мен өмірін жақсарту жөніндегі бөлім ұйымдастырылды. 1921 жылы губерниялық білім бөлімі уездерде аш және қараусыз балаларды тамақпен және жылы киіммен тегін қамтамасыз ететін балалар үйлерін ашу жөніндегі жобасын ұсынған. ГУБОНО-ның қабылдаған шешімі бойынша балалар үйімен Орал қаласында 2500 баланы, Елек уезінде 750 баланы, Жымпиты уезінде 350 баланы, Калмыков уезінде 450 баланы, Гурьев уезінде 600 баланы, Орал уезінде 1800 баланы, барлығы 6450 баланы қамту көзделген. Губерния аумағында ашылған асханалар бірінші кезекте балаларды қабылдап отырған. 1921 жылдың желтоқсанында тіркелген 36 000 ашыққан адамның 23 000-ы балалар болды. Украина және Қырым әскери комиссиясының дәрігерлік-тамақтандыру отрядтары күніне 4000 баланы тамақтандырып отырған. Басқа да халықаралық ұйымдар аштыққа ұшыраған балаларды өз қамқорлықтарына алған (БҚОМА, 14: 17).

Аштықпен бірге сүзек, тырысқақ, оба, діңгене және басқа аурулар да қатар келді. Орал губерниясында да эпидемиялық ахуал нашар болды. Мысалы, Жымпиты уезіне іс-сапарға шыққан дәрігер Степанов осы аймақтағы өз көзімен көрген жағдайларды баяндап берген. Ол құзырлы орындарға өзінің қолымен жазып, тапсырған есебінде 1921 жылдың 14 қарашасында Орал қаласынан фельдшер Назаровпен бірге бір жарым тонналық автомобильмен Жымпитыға келгенін, кейін көліктері сынып қалып, эпидемия жайлаған болыстарды түйемен аралауға тура келгенін айтқан. Өлеңті, Бұлдырты, Қаратөбе және Жымпитының 2-ші болыстарын аралап шыққан. Дәрігер Степановтың бірінші кезекте байқағаны барлық жерде жұқпалы ішек аурулары тараған. Оның пайымдауы бойынша Жымпиты уезі аумағын шілде-тамыз айларында Орал және Еділ бойындағыдай холера эпидемиясы жайлаған. Дегенмен жергілікті халықтың көшпелі салтына да байланысты індет ұзаққа бара қоймаған. Қараша айының екінші жартысында аурудың бәсеңдеп қалғанын да айтқан.

Эпидемия барлық болыстарда да болған, бірақ, ең бастысы оңтүстіктегі Өзек, Жақсыбай болыстарына ауыр тиген. Эпидемиялық жағдай жөнінде жергілікті фельдшерлер арқылы жинақтай алған ақпарат мынадай: Жақсыбай болысында қыркүйек айында 12 адам жұқпалы ішек ауруымен науқастанған, оның 5-і аурудан қайтыс болған, сонда өлім-жітім 41,6% құрайды. Қазан айында барлық болыстарда барлығы 334 адам ауырған, оның 188-і аурудан өлген, 128-і тәуір болған, өлім-жітім 56,3%, тәуір болғандар 38,3%. Қараша айында болыстарда барлығы 55 адам ауырған, оның 20-ы өлген, 32-і тәуір болған, өлім-жітім 36,4%, тәуір болғандар 58,2% құраған. Дәрігер өз жазбасында жұқпалы ауруларға байланысты уезд бойынша толық статистикалық мәліметті жасау мүмкін еместігін, бұл деректердің де нақты емес екенін ескертіп өткен. Жергілікті қазақ дәрігерлері өңірде оба аурулары кездеспегенін айтқан. Сонымен бірге Степанов уезд аумағындағы емдеу мекемелерінің аздығын, ондағы құрал-жабдықтарының тапшылығын, дәрігер мамандардың жетіспеушілігін тілге тиек еткен.

Жымпиты уездік атқару комитетінің есебі бойынша тұрғындардың 1/3 аштыққа ұшырағандығын, малдың санының азайғандығын баяндаған. Жымпитының өзінде күніне аштықтан 1-2 адамның, мүмкін одан да көп адамның өлетіндігін, жолда келе жатқанда суықтан, аштықтан өлген, құр сүлдесі қалған қазақтардың мәйіттері кездескенін айтқан. Дағдарысты жеңілдетуге бағытталған шаралар жеткіліксіз деп ойлаймын, - дейді. Ашыққандарға арналған асханалар ұйымдастырылу үстінде, тіпті, Жымпитының өзінде ашыққандарға көмек беру комиссиясының 200 адамға шақталған асханасы, уездік денсаулық сақтау бөлімінің енді ашатын 100 орындық асханасы қала үшін мүлдем аздық етеді, - деп көрсеткен. Қаратөбеде фельдшер Абдрахмановтың қолдауымен ашылған 100 орындық тек қана қазақтарға арналған асханада көбінесе ет пісіріледі, әр адамға 3/4 фунттан беріледі, ауқаттанушыларға ет, сорпа тостағанмен қасықсыз таратылады делінген. Басқа болыстарда

асханалардың жоқтығы, оларда енді ашпақ ойлары бар екендігі айтылған. Жымпиты мен Қаратөбеде балалар үйінің бар екендігін, бірақ күнсайын болыстардан келіп жатқан балалардың сыймайтындығын жазып қалдырған (БҚОМА, 1: 146-147).

Губернияда аштықтың ауыр болғандығы сондай адам жеу фактілері де орын алып отырған. 4 уезд бойынша 350 жағдай тіркелген. Мұндай бір сұмдық оқиға Елек уезінің Кенділі ауылында анықталған. Адам жеу оқиғасына байланысты 1922 жылы 20 қаңтарда арнайы құрылған комиссияның тексерулері барысында ауылдық жерлерде ашыққан адамдардың өлгендердің мәйіттерін де қазып алып жеген жағдайлары дәлелденген. Комиссия мүшелері ашыққан халықтың селолық Советтердің кеңселеріне лап қойып, наразылықтарын білдіріп жатқандарына, тұрғындар арасында ұрлықтың, тонаушылықтың жаппай етек алғандығына көз жеткізген.

Елді мекендерде адамдардың аштықтан ісініп кеткендігі, олардың мысықтарды, иттерді, өлген малдың терілерін жейтіндігі, өлім-жітімнің күнсайын өсіп жатқандығы туралы деректер архив құжаттарында көп кездеседі. Елек уезінде күніне 200 адамның, Калмыков уезінің Бударино болысының өзінде 6 адамның, тіпті, одан да көп адамның аштықтан өлетіндігі, мәйіттердің жер-жерде көмілмей шашылып жататындығы жөнінде жауапты органдардың мәліметтері бар (БҚОМА, 27: 37-41).

1922 жылдың қаңтар-ақпан айларындағы Орал губерниясында ашыққандардың саны 36 147 адамға жетті. Оларға тиісті азық-түліктің мөлшері бекітілді. Нан балаларға 22 ½ фунттан, ересектерге 15 фунттан, әр адамға ет 3 ¼ фунттан, көкөніс 15 фунттан, тұз 1 фунттан берілген.

